

**"Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің мәселелері" туралы Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2004 жылғы 28 қазандағы № 1120 қаулысына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы**

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2021 жылғы 13 мамырдағы № 319 қаулысы.

Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. "Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің мәселелері" туралы Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2004 жылғы 28 қазандағы № 1120 қаулысына мынадай өзгерістер мен толықтырулар енгізілсін:

көрсетілген қаулымен бекітілген Қазақстан Республикасы Әділет министрлігі туралы ережеде:

16-тармақта:

мынадай мазмұндағы 109-1), 109-2) 109-3), 109-4), 109-5), 109-6), 109-7), 109-8), 109-9), 109-10), 109-11), 109-12), 109-13) және 109-14) тармақшалармен толықтырылсын:

"109-1) ақпараттандыру саласындағы уәкілетті органмен және ақпараттық қауіпсіздікті қамтамасыз ету саласындағы уәкілетті органмен келісу бойынша бірыңғай нотариаттық ақпараттық жүйені пайдалану қағидаларын әзірлеу және бекіту;

109-2) ақпараттандыру саласындағы уәкілетті органмен келісу бойынша бірыңғай нотариаттық ақпараттық жүйенің тізілімдерін жүргізу тәртібін әзірлеу және бекіту;

109-3) Бірыңғай нотариаттық ақпараттық жүйе тізілімдерінің жұмыс істеуі туралы есептілікті ұсыну нысанын әзірлеу және бекіту;

109-4) Қазақстан Республикасының архивтер және құжаттаманы басқарушы уәкілетті мемлекеттік органымен келісу арқылы Республикалық нотариаттық палатаның қатысуымен нотариаттық іс жүргізу жөніндегі қағидаларды әзірлеу және бекіту;

109-5) Нотариустардың нотариаттық іс-әрекеттерді жасау қағидаларын әзірлеу және бекіту;

109-6) Аудандық маңызы бар қалалардың, кенттердің, ауылдардың, ауылдық округтердің әкімдері аппараттарының нотариаттық іс-әрекеттер жасайтын лауазымды адамдарын аттестациялау туралы ережені әзірлеу және бекіту;

109-7) нотариаттық қызметпен айналысу құқығына лицензиялардың мемлекеттік тізілімі туралы ережені әзірлеу және бекіту;

109-8) нотариаттық қызметпен айналысу құқығына әділет аттестаттау комиссияларының дербес құрамын және олардың жұмыс регламентін әзірлеу және бекіту;

- 109-9) тағылымдамадан өткен және нотариаттық қызметпен айналысу құқығына үміткер адамдарды тестілеуден өткізу тәртібі мен шарттарын әзірлеу және бекіту;
- 109-10) тәуекелдер дәрежесін бағалау критерийлерін бекіту;
- 109-11) нотариустардың біліктілігін арттыру туралы ережені келісу;
- 109-12) нотариустардың тағылымдамадан өтушілерінің тағылымдамадан өту тәртібі туралы ережені келісу;
- 109-13) нотариустың үй-жайына қойылатын талаптарды әзірлеу және бекіту;
- 109-14) нотариаттық іс-әрекеттерді тіркеу тізілімдерінің (оның ішінде бірыңғай нотариаттық ақпараттық жүйенің электрондық тізілімінің), нотариаттық куәліктер мен қаулылардың, мәмілелердегі және куәландырылатын құжаттардағы куәландыру жазбаларының нысанын әзірлеу және бекіту;"
- 112) тармақша мынадай редакцияда жазылсын:
- "112) нотариустың тағылымдамадан өтушілерінің тағылымдамадан өтуі үшін ақы төлеу қағидаларын әзірлеу және бекіту;"
- 114) тармақша мынадай редакцияда жазылсын:
- "114) нотариаттық қызметпен айналысу құқығына лицензияны тоқтата тұру, күшін тоқтату және қайта бастау туралы шешім қабылдау, сондай-ақ нотариустарды лицензияларынан айыру туралы талаптарға бастама жасау;"
- мынадай мазмұндағы 114-1) тармақшамен толықтырылсын:
- "114-1) нотариаттық қызметпен айналысу құқығына лицензияның қолданысын тоқтата тұру немесе қайта бастау туралы шешімді лицензиардың интернет-ресурсына орналастыру;"
- 115) тармақша мынадай редакцияда жазылсын:
- "115) нотариаттық қызметпен айналысу құқығына арналған лицензиялардың мемлекеттік тізілімін жүргізу, сондай-ақ ведомстволық баспа басылымында лицензиялар берілген адамдар туралы мәліметтерді жариялау;"

2. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

*Қазақстан Республикасының  
Премьер-Министрі*

*А. Мамин*